

№1 педагогикалық кеңестің
шешімінде қабылданды
(2021жылдың «31» тамыз, №1 хаттама)



Вариативтік компонент

«Ертегілер елінде»

«Ботақан» ортаңғы тобы

ТҮСІНІК ХАТ

Ортаңғы топ балаларының сөйлеу мәдениетінің, ойлау қабілетінің дамуына баса назар аударған жөн. Осы орайда бүгінгі таңдағы балаларды жетелеп, ойөрісін ашуға, дамытуға ертегінің маңызы зор. «Ертегілер елінде» бағдарламысын енгізу бүгінгі күнталабы болып отыр. «Ертегілер елінде» таңдау курс бағдарламасын тәрбиеші зерттеп, талқылап керекті ертегілерді балалардың жас ерекшеліктеріне сай алған. Қатынас саласы бойынша мақсат міндеттері айқындалып, зерттеліп, ойын элементтерінің құрылымына сәйкес жазылған. Бұл бағдарламада балаларды сахналап, рөлдерге бөліп жұмыс жасау дағдыларында көрсете білген. Бұл ертегінің тәрбиелік мәні зор, өмірімен байланыстырылып, адамгершілікке, мейірімділікке баулиды, үйретері мол. Бұл бағдарламада алынған ертегілер бір біріне ұқсастығы жоқ. Бірі достық туралы болса, ал бірі жақсылық пен жамандық, айлакер, құлық туралы, ал бірі байлық, денсаулық және еңбек туралы ертегілер. Бағдарлама көзделген мақсатқа сай баланың жеке басын қалыптастыра отырып, балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ертегі арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған. Ертегілер балалардың ойын, қиялын, сөйлеу тілін дамытуда үлкен роль атқарады. Сондықтан ортаңғы топ тәрбиенушілері үшін ертегілерді оқытудың маңызы зор. «Ертегілер елінде» таңдау курсына қиялға жайып, тұрмыс салт, хайуанаттар жайындағы ертегілер қамтылған. Балалардың қабылдануына жеңіл, оқиғасы қызықты ертегілер таңдап алынды. Балалар ертегілерді рөлдерге бөліп, сахналайды. Ертегіні қою барысында балалар әртүрлі құралдарды пайдаланады, басқада ойыншылармен қарымқатынасқа түседі. Рөлін іс әрекетпен, сөйлеумен, мимикамен, пантомимикамен білдіреді. «Ертегілер елінде» бағдарламасы ортаңғы топ балаларының тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп және оны мектепке дайындауға бағытталған. «Ертегілер елінде» бағдарламасының жылдық жүктемесі 36 сағатқа құрылған. Апталық жүктемесі 1 сағат. Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді. Балалардың ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастырады. Сөздік қорын молайту, үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Достыққа, сүйіспеншілікке, қайырымды, мейірбан болуға тәрбиелеу. Балаларға ертегі туралы түсініктерін кеңейтіп, айырмашылығын ажырата білуге үйрету.

**Ортаңғы «Ботақан» тобына (3 жастан бастап) арналған
«Ертегілер елінде» вариативтік компонентінің перспективалық жоспары
2021-2022 оқу жылы, (аптасына 1 сағат)**

Айы	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны және мақсаты	Сағат саны	Сағат саны
Қыркүйек	Ақыл, ғылым, бақыт	Ертегінің мазмұнын түсіндіру. Ақыл, ғылым, бақыттың мағынасын түсіндіру арқылы білімге деген құштарлығын дамыту. Ақылдылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	01.09.2020
	«Кім күшті» ертегісі	Балалардың ертегідегі, әдеби шығармадағы жануарлар туралы білім-дерін бекіту. Ертегіні түсіндіру барысында балалардың тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту, қалыптастыру.	1	08.09.2020
	Ақылды лақ	«Ақылды лақ» ертегісін түсіндіру. Ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту. Ақылдылыққа, турашылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.	1	15.09.2020
	Жалқау мысық	Балаларға «Жалқау мысық» ертегісі туралы әңгімелеп беру. Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету,	1	22.09.2020
	«Үш аю»	Ертегіде берілген үш аюдың мінез-құлқын бір-бірінен ажырата білуге, іс-әрекетін түсінуге, соның ішінде түлкінің жаман қылықтарын көре білуге үйрету.	1	29.09.2020
Қазан	Түйе мен түлкі	Балаларды «Түйе мен түлкі» ертегісімен таныстыру, ертегіні оқып беру арқылы түсініктерін қалыптастыру.	1	06.10.2020
	Арыстан, қасқыр, түлкі	Балаларға «Арыстан, қасқыр, түлкі» ертегісін түсіндіру. Оқылған шығарманы әңгімелеуге, үйрету	1	13.10.2020
	Түлкі мен жолбарыс	Балаларға «Түлкі мен жолбарыс» ертегісін түсіндіру. Оқылған шығарманың мазмұнын балаларға әңгімелету арқылы тіл байлықтарын арттыру, қиялын дамыту	1	20.10.2020
	Сауысқан мен көжек	Балаларға «Сауысқан мен көжек» ертегісінің мазмұнын түсіндіру. Балалардың білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту,	1	27.10.2020
Қараша	Айлакер қоян	Балаларға «Айлакер қоян» ертегісінің мазмұнын түсіндіру Балалардың білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту,	1	03.11.2020
	Бауырсақ	Ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлықтары туралы білім беру. Балаларға ертегі мазмұнын мәнерлеп айта білуге үйрету.	1	10.11.2020
	Мақта қыз бен мысық	Ы.Алтынсаринның шығармашылығы туралы білімдерің жетілдіру, шығарманы оқу арқылы түсінуге үйрету.	1	17.11.2020
	Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай	Балаларға Алдар көсенің халық кейіпкері екенін, халықтың жағын жақтаушы, жанашыры болған адамдардың бейнесі екенін, жамандыққа жаны қас, оны әшкерлеуді жаны сүйетінін түсіндіру.	1	24.11.2020
	Түлкі мен бөдене	«Түлкі мен бөдене» ертегісімен таныстырып, мазмұнын меңгерту. Шығарманы жүйелі баяндап, өз көзқарасын мәнерлеп айтуға қалыптастыру.	1	08.12.2020

	Қожа мен көрші	«Қожа мен көрші» ертегісі туралы мағлұмат беру. Балаларға ертегіні түсіндіру барысында балалардың тіл байлықтарын, тапқырлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту, қалыптастыру.	1	15.12.2020
	Түлкі мен тырна	Ертегімен таныстырып, мазмұнын айтып беру. Ой-өрістерін, ойлау қабілеттеін дамыту. Балаларды адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу	1	22.12.2020
	Қотыр торғай	Балаларға «Қотыр торғай» ертегісін түсіндіру. Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету.	1	29.12.2020
қаңтар	Қарлығаш пен дәуіт	Балаларға кейіпкерлердің мінезі туралы білім беру. Ертегі мазмұнын мәнерлеп айта білуге үйрету.	1	05.01.2021
	Лақтар мен қасқыр	«Лақтар мен қасқыр» ертегісін түсіндіру. Ой-өрістерін, ойлау қабілеттерін дамыту. Төрт түлікті баптауға, күтуге тәрбиелеу.	1	12.01.2021
	Жыл басына таласқан хайуанаттар	Балаларға «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі туралы түсінік беру. Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеуге және ой-өрістерін, сөйлеу дағдыларын жетілдіру.	1	19.01.2021
	Алтын сақа	Ертегідегі берілген хайуанаттардың, жануарлардың мінез-құлқын түсіне білуге үйрету.	1	26.01.2021
Ақпан	Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін жетілдіру.	1	02.02.2021
	«Жеті лақ ертегісі»	Балаларға жеті лақ ертегісі туралы түсінік беру, Жануарларға деген сүйіспеншілігін қамқорлығын дамыту. Тапқырлыққа батырлыққа тәрбиелеу.	1	09.02.2021
	«Ағайынды үш қыз» ертегісі	Ертегіні балаларға таныстыру, мазмұнын ашу, балаларды ізгілікке адамгершілікке тәрбиелеу.	1	16.02.2021
	«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі	Ертегілердің поэзия тілімен де жазылатын туралы түсіндіріп, білімдерін қалыптастыру. Поэзия тілінде жазылған ертегіні түсіне білуге үйрету.	1	23.02.2021
Наурыз	Бақыт іздеушілер	Балаларға «Бақыт іздеушілер» ертегісінің мазмұнын айтып беру. Бақыт пен бақытсыз туралы түсіндіру арқылы танымдық қабілеттерін, зейінін дамыту, қалыптастыру.	1	02.03.2021
	Түлкінің күлкісі	Балаларды «Түлкінің күлкісі» ертегісімен таныстырып, ертегіні оқып беру арқылы түсініктерін қалыптастыру. Балаларды ертегілерді әңгімелеп беру.	1	09.03.2021
	Айлакер бала	Балаларға «Айлакер бала» ертегісін түсіндіру. Ертегіні түсіндіру барысында балалардың тіл байлықтарын, тапқырлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту, қалыптастыру.	1	16.03.2021
	Қожанасыр мен бай	Балаларға «Қожанасыр мен бай» ертегісі туралы әңгімелеп беру. Ертегіні түсіндіру барысында балалардың тіл байлықтарын арттыру, қиялын дамыту	1	30.03.2021

Сәуір	Екі дос	Балаларға «Екі дос» ертегісі туралы әңгімелеп бету. Оқылған шығарманы әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету.	1	06.04.2021
	Әтеш пен тоты	Балаларға ертегінің мазмұнын айтып беру. Танымдық қабілеттерін, зейінін дамыту, қалыптастыру. Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	13.04.2021
	Жылдар мен жаңа жорамалдар	Балаларға «Жылдар және жаңа жорамалдар» ертегісін түсуіндіру. Өлеңнің мазмұнын түсіндіре отырып қызығушылығын дамыту.	1	20.04.2021
	Қасқыр мен қозы	«Қасқыр мен қозы» ертегісін түсуіндіру. Ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жыртқыш жануарлар мен үй жануарларын ажырата білуге тәрбиелеу.	1	27.04.2021
Мамыр	«Шалқан» ертегісі	Шалқан ертегісін үстел-үсті театры арқылы сахналауға үйрету, балаларды ертегі арқылы ойлау қабілетін дамыту,	1	04.05.2021
	«Қасқыр мен ит» ертегісі	Балаларға ертегіні саусақ театры арқылы тыңдата отырып осы ертегідегі жағымсыз кейіпкердің бейнесін саусақ театры арқылы көрсету.	1	11.05.2021
	«Екі қаз бен, бір бақа» ертегісі	Ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуге үйрету. Сөздерді анық айтуға есте сақтау қабілетін дамыту.	1	18.05.2021
	«Күншіл үйрек»	Балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.	1	25.05.2021
		Барлық сағат саны	37	